

**Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің  
2021-2022 оқу жылының психологиялық қызметінің  
жұмыс есебі.**

Психологиялық қызметінің мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметінің міндеттері:

- 1) Оқушылардың, жеке дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Оқушылардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әр бір оқушыға, оның жеке басы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностика жүргізу және оқушылардың шығармашылық қабілетерін дамыту;
- 5) Оқушылардың психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Психологиялық қызметінің бағыттары:

1. Психодиагностика
2. Түзету-дамыту жұмысы
3. Профилактика және психологиялық ағарту
4. Консультация беру
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

I. Психологиялық қызметінің диагностика бағыты бойынша өткізілген жұмыс.

Қыркүйек-қазан айларында 1,5,10 сыныптарында бейімделу процестерін зерттеуге байланысты жоспар бойынша жұмыстар өткізілді.

Қыркүйек айында бесінші сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып: «Бесінші сыныпқа оқушылардың бейімделуі»

Қатысқан ата-аналар саны-5.

5 сыныпта бейімделу кезеңіндегі жұмыстар.

Оқушылардың мектептегі мазасыздықты анықтау әдістемесі тест

Филипс, О.Н. Хмельницкая модификацияланған. Қатысқан оқушылар саны-6

Нәтижесі бойынша сыныпта оқушылардың мазасыздық деңгейлері орташа.

Тест нәтижесімен салыстырғанда оқушылардың мазасыздық деңгейлері орташа, қалыпты.

Н.Г.Лусканованың «Мектеп мотивациясының скринингі» бойынша оқушылардың оқуға деген мотивациясын тексердім.

Қатысқан оқушылар саны-6

Нәтижесінде оқушылардың мотивациясы сыртқы, «оқуға бару керек, сондықтан келемін» деген позицияда қалыптасқан.

Бесінші сынып оқушыларының жақсы көретін пәндері : қыздар-өзін-өзі тану, ұлдар-дене шыңықтыру.

Оқушылардың өздеріне қоятын талаптар: табандылық, ынта, қызығушылық, әр қашанда іздену. Сынып жетекшілеріне көзқарастары жақсы.

Өткізілген жұмыстар бойынша 5-сыныпта бейімделмеген оқушы жоқ.

Қыркүйек айында бірінші сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып: «Бірінші сынып оқушыларын бейімделуі»

Бірінші сыныпта қыркүйек айында ата-аналарменен қашықтық жиналысы өткізілді. Бейімделу туралы ата-аналарға презентация көрсетілді, кеңестер айтылды.

Қатысқан ата-аналар саны-8

Бірінші сыныпта қыркүйек-қазан айларында өткізілген психологиялық диагностиканың көрсеткіші.

Керна-Ирасек тестісі бойынша мектептік жетілгендікті анықтау

Тест 3 тапсырмадан тұрады: түсінігі бойынша фигура салу, жазба әріптен фразаны графикалық көшіру және белгілі бір кеңістік жағдайында нүктелерді көшіріп бейнелеу. Тест бір баламен немесе балалардың шағын тобымен, қолдану нұсқауына сәйкес жүргізіледі.

Нәтижелерді бағалау. Әр тапсырма 1 балдан (ең жақсы баға) 5 балға (ең нашар) дейін бағаланады.

Тапсырмаларды бағалау критерийлері:

1 - т а п с ы р м а. Ер адам фигурасын салу:

1 балл- салынған фигураның басы, денесі, аяғы болуы керек. Бас денемен мойын арқылы қосылған ол денеден үлкен болмау керек. Баста- шаш бас киім немесе шляпа болуы мүмкін, құлақтары, бетте-көз, мұрын, ауыз болуы керек. Қолдары, онда бес саусағы болуы керек. Ер адам киімінің белгілері. Сурет жинақтаушы әдіспен орындалған, яғни пропорцияны орындай отырып, кескіндеп бейнеленген.

2 балл- бейнелеудің жинақтаушы әдісінен басқа 1 бағадағы барлық талаптардың орындалуы. Дененің үш мүшесінің болмауы мүмкін: мойын, шаш, қолдың бір саусағы, бірақ беттің қандай да бір мүшесі болмай қалуы мүмкін емес.

3 балл- суреттегі фигураның басы, денесі, аяқтары, қолдары бар және олар екі сызықпен салынған. Құлақтары, шашы, киімі, қолдарында саусақтары, аяқтарында табаны жоқ.

4 балл- бас пен дененің өте қарапайым суреті. Аяқтары бір сызықпен бейнеленген.

5 балл- дене мен аяқтардың анық бейнесі жоқ.Шимайлар.

2-т а п с ы р м а.Жазылған мәтінді имитациялау, бейнелеп жазу.

1 балл- оқи алуға болатындай имитация- бейне жазу (көшірме). Әріптер шамамен үлгідегіден екі есе үлкен. Әріптерден үш сөз құралған.Сөйлемдердің тік сызықтан ауытқуы 30° тан артық емес.

2 балл- сөйлемдерді оқуға болады.Әріптердің үлкендігі үлгіге жақын, олардың түзу болуы міндетті емес.

3 балл- әріптер екі топқа бөлінген, ең болмағанда 4 әріпті оқи алуға болады.

4 балл- ең болмағанда екі әріп үлгіге ұқсас, "жазудың бейнесі"

5 балл- шимайлар.

3-т а п с ы м а. Нүктелер тобын көшіріп салу.

1 балл- үлгіні тура қайталау.Баған немесе жолдан бір нүктенің шығып кетуі мүмкін.

Үлгі бір жарым есеге дейін кішіреюі мүмкін.

2 балл- нүктелердің саны және құрамы үлгіге сәйкес болуы керек. 3 нүктені төмен түсіруге және жолдар немесе бағандар арасында 0,5 еніндей бос жер қалдыруға болады.


3 балл- үлгіге ұқсас жалпы бейне. Биіктігі және ені 2 еседен артық емес. Нүктелердің саны 20 дан артық және 7 ден кем болмауы керек. Нүктелердің орналасуында 180° қа дейін орын ауыстырулар болуы мүмкін.

4 балл- сурет үлгіні тек еске түсіреді,әйтсе де ол нүктелерден тұрады. Нүктелердің шамасы және саны маңызды емес. Басқа бейнелер, мысалы, сызықтар болуы мүмкін емес.

5 балл- шимайлар

1	H1	5 балл	жоғары
2	Ә2	5балл	жоғары
3	A3	5балл	жоғары
4	P4	5балл	жоғары
5	A5	3балл	жоғары
6	M6	5балл	жоғары
7	Г7	6балл	орташа
8	A8	5балл	жоғары
9	K9	3балл	жоғары

Шығармашылық ойлауды тексеруге арналған «Аяқталмаған фигуралар»П.Торренс әдістемесі бойынша. Фигураларды бір сюжетпен аяқтайды



1	Н1	4 балл	орташа
2	Ә2	8балл	жоғары
3	А3	10балл	жоғары
4	Р4	-	-
5	А5	3балл	орташа
6	М6	4балл	орташа
7	Г7	4балл	орташа
8	А8	4балл	орташа
9	К9	6балл	орташа

### В.Вульф «Отбасылық сурет» проективті әдістемесі

Оқушылардың суреттері бойынша үйдегі қарым-қатынас жоғары деңгейде деп айтуға болады. Балалар үйдегі психологиялық климатты суретте көрсетіп салған.

Н1 суретінде барлық отбасы мүшелері бар/атасы,әжесі,әкесі,анасы,апасы және қарындасы./Тест нәтижесі бойынша мұржадан түтін шығып тұрса сол отбасыда психологиялық климат жақсы дегенді білдіреді.Суретінде түрлі-түсті қарындаштарды қолданған.Суреті ашық түстерге боялған/сары,жасыл,көк/,баланың агрессия,мазасыздық белгілері байқалмайды.Өзін орташа деңгейде бағалайды.Отбасын қатты жақсы көреді.



Ә2 суретінде барлық отбасы мүшелері бар/әкесі,анасы,ағасы және інісі./Отбасы мүшелерін қатты жақсы көреді және мақтан тұтады.Отбасында қарым-қатынас жақсы.Сурет салғанда түрлі-түсті қарындаштармен қолданды.Қолданған түстер ашық,/сары,оранжевый,розовый/баланын бойында агрессия,мазасыздық белгілері байқалмайды. Өзін орташа деңгейде бағалайды.

А3 суретінде барлық отбасы мүшелері/әкесі,анасы,сіңлісі/ Отбасында қарым-қатынас жақсы.Суретінде түрлі-түсті қарындаштарды пайдаланған жоқ.Суретін қаламмен салды.Баланың бойында агрессия,мазасыздық белгілері байқалмайды.Өзін орташа деңгейде бағалайды.Суретті әдемі салады.

А5,М6 суреттерінде барлық отбасы мүшелерін салған/әкесі,анасы,екі ағасы/Отбасында қарым-қатынас жақсы. М6 түрлі-түсті қарындашпен қолданды суретін ашық түстермен бояды/қызғылтсары, жасыл/.

А5 түрлі-түсті қарындаштармен пйдаланған жоқ,суретті ручкамен салды.Балалардың бойында агрессия,мазасыздық белгілері байқалмайды.Өздерін орташа бағалайды.

Г7 суретінде барлық отбасы мүшелерін салды/әжесі,анасы/Отбасында қарым-қатынас жақсы.Түрлі-түсті қарындаштарды қолданғанжоқ.Суретін простой қарындашпен салды. Тест нәтижесі бойынша мұржадан түтін шығып тұрса сол

отбасыда психологиялық климат жақсы дегенді білдіреді.Баланың бойында агрессия,мазасыздық белгілері байқалмайды.Өзін орташа бағалайды.

А8суретінде барлық отбасы мүшелерін салды/әжесі,атасы,анасы,әкесі/ Отбасында қарым-қатынас жақсы.Суретін ручкамен салды.Түрлі-түсті қарындашпен бояды.Ашық түстерді пайдаланды/сары/.Агрессия,мазасыздық белгілері байқалмайды.Өзін орташа бағалайды.

К9 суретінде барлық отбасы мүшелерін салды/әкесі,анасы,апасы,ағасы,сіңлісі/Суретті ручкамен салды.Түрлі-түсті қарындаштарды пайдаланған жоқ.Агрессия,мазасыздық белгілері байқалмайды.Өзін орташа бағалайды.Екінші тоқсанда жоспар бойынша жұмысты жалғастырамын.Ата-аналармен жұмыс,диагностика,түзету-дамыту жұмыстар өткізу.

С.Г.Якобсон,В.Г.Шур «Баспалдақ» тесті арқылы бірінші сынып оқушылары өздерін жоғары бағалайтының анықтадым.

Қатысқан оқушылар саны-9.

Сыныптағы климат жақсы, оқушылар өз ара бір-бірімен араласады.

Н.Г.Лусканованың «Мектеп мотивациясының скринингі» арқылы оқу мотивациясын анықтадым. Қатысқан оқушылар саны-9

Оқушылардың мотивациялары ішкі,сабаққа асығып келеді, көп келмесе сағынады.

Сынып жетекшілерін құрметтейді.Жазу біледі,оқи алады,сурет салғанда әр-түрлі түстерменен бояйды,бір-біріне көмектеседі.Сыныпта бейімделмеген оқушы жоқ.

Қыркүйек айында 10 сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім.

Қатысқан ата-аналар саны-3.Тақырып: «10 сыныпқа оқушылардың бейімделуі»

Карпова Г.А. «Оқу мотивациясы» сауалнама.Қатысқан оқушылар саны:3

Мақсаты: оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтау.

Мотивтер:Танымдық, Коммуникативті, Эмоционалды,Өзін-өзі дамыту,Оқушының позициясы Жетістіктер, Сыртқы (көтермелеу, жазалау)

	Танымдық	Коммуникативті	Эмоционалды	Өзін-өзі дамыту	Оқушының позициясы	Жетістіктер	Сыртқы (көтермелеу, жазалау)	Барлығы
1.С1	1	2	1	2	2	2	1	11 жоғары
2.А2	3	1	1	2	1	3	1	12 жоғары
3.А3	3	3	1	2	1	1	1	12 жоғары

10сынып оқушыларының мектептегі мазасыздықты анықтау әдістемесі.

Филлипс тесті. Қатысқан оқушылар саны:3

№	Оқушының коды	деңгей
1	С1	орташа

2	A2	орташа
3	A3	орташа

Темперамент түрін анықтау. Т. Маталина бейімдеген Айзенк тесті

Мақсаты : Оқушылардың темперамент типін анықтау.

Қатысқан оқушылар саны:3

Г. Айзенк анықтамасына орай,

Холериктер – сезімтал, агрессивті, шамданғыш, көңіл-күйі өзгергіш, басқамен қарым-қатынаста я сезім қатынасында тұрақсыз, әр түрлі жағдайларда соқпа мінезді, оптимист, белсенді, сенгіш, ашуланшақ.

Сангвиник – ашық, көпшіл, сөзшең, қайырымды, қысылып-қымтырылмағытын, өмір сүйгіш, уайымсыз, көтеріңкі көңілді, басшылыққа бейім.

Флегматик – сақ, енжар, байыпты, өзгеге жақсылық тілегіш, ынтымақшыл, өз ісін ойлап істейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты.

Меланхолик – беймаза, ренжігіш, ойлампаз, қырағы, пессимист, тұйық, ұстамды, көп сөзі жоқ.

№	Оқушының коды	Темперамент түрі
1	C1	флегматик
2	A2	флегматик
3	A3	сангвиник

Кәсіби бағдар іс-шаралар жоспары бойынша жеке тұлғаның кәсіби түрін, кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын анықтау Д. Холланд сауалнамасына 9,10 сыныптардың оқушылары қатысты.

Оныншы сыныпта 3 оқушы сауалнамаға қатысты. Екі оқушы – интеллектуалдық тип, ғылыми тұрғыда мамандықты таңдайды. Ұнататын қызмет саласы: математика, география, шығармашылық кәсіптер. Бір оқушы - конвенциалдық тип. Құрылымдық қызметке бейім, ұнататын мамандықтар: бухгалтер, финансист, экономист, кеңсе қызметкері.

Қыркүйек айында тоғызыншы, он бірінші сыныптардың оқушыларына психологиялық карта бастадым. Карта оқушының жеке басына байланысты психологиялық жағынан қарағанда оқушылардың мінездемелері. Осы айда оқушылардың оқуға деген қызығушылығын сауалнама арқылы анықтадым.

Сауалнама 10 сұрақтан тұрады.

Тоғызыншы сынып бойынша

1	A1	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады дене шыңқтыру сабағы, секция
2	C2	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады математика, ЭВТ сабағы

3	A3	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады дене шыңқтыру сабағы, секция
4	A4	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады дене шыңқтыру сабағы, секция

### Он бірінші сынып бойынша

1	A1	Ішкі мотивация, орташа	Қызықтырады биология, химия сабақтары.
2	L2	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады гуманитарлық бағыттағы сабақтар, секциялар
3	A3	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады дене шыңқтыру сабағы, секция
4	A4	Ішкі мотивация, орташа	Қызықтырады гуманитарлық бағыттағы сабақтар.
5	P5	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады дене шыңқтыру сабағы, секция
6	A6	Сыртқы мотивация, орташа	Қызықтырады гуманитарлық бағыттағы сабақтар

Барлық сынып бойынша мектепке деген қозғарастары жақсы, оқу ұнайды, сабаққа келгім келеді, сабақтар қызықты өтеді. Желтоқсан айында оқушылардың темперамент типін тест арқылы анықтадым.

### Тоғызыншы сынып бойынша

1	A1	Флегматик-холерик	Баяу, асықпай істегенді ұнатады, бірақ кейде тез істеп кетеді.
2	C2	Флегматик-меланхолик	Баяу, асықпай істегенді ұнатады, кейде ештеңеге қызығушылық болмайды.
3	A3	Холерик-меланхолик	кейде тез істеп кетеді, кейде ештеңеге қызығушылық болмайды.
4	A4	Флегматик-холерик	Баяу, асықпай істегенді ұнатады, бірақ кейде тез істеп кетеді.

### Он бірінші сынып бойынша

1	A1	Флегматик-сангвиник	Баяу істегенді жақсы көреді, бірақ кейде тез істеп кеткенді ұнатады.
2	L2	Флегматик-холерик	Баяу, асықпай істегенді ұнатады, бірақ кейде тез істеп кетеді.

3	A3	Холерик-меланхолик	кейде тез істеп кетеді,кейде ештеңеге қызығушылық болмайды.
4	A4	Флегматик-сангвиник	Баяу істегенді жақсы кореді,бірақ кейде тез істеп кеткенді ұнатады.
5	P5	Флегматик-сангвиник	Баяу істегенді жақсы кореді,бірақ кейде тез істеп кеткенді ұнатады
6	A6	Флегматик-холерик	Баяу ,асықпай істегенді ұнатады,бірақ кейде тез істеп кетеді.

Қаңтар айында Джек Холландтың кәсіби бағытты анықтайтын тест өткіздім.Екі нұсқа беріледі.Екі нұсқада әр түрлі мамандықтар берілген,солардын ішінен біреуін тандап алады.

### Тоғызыншы сынып бойынша нәтижелер

1	A1	<b>Тапқыр тип.</b>	Белсенділік қызбалықты, күлшынысты, ынта-жігерді талап ететін міндетгер мен мақсаттарды тандайдыӨзініңажеттілігін яғни «ер адамға » тән басқарушы ролін қанағаттандыратын: меңгеруші, директор, телерепортер, сатушы, артист, журналист, дипломат және т.б. мамандықтарды ұнатады.
2	C2	<b>Конвенциялық тип.</b>	Қоршаған ортада қалыптасқан дәстүрлер мен әлеуметтік және физикалық құндылықтарды, мақсат-міндеттерді таңдайды. Бұл типтегілер проблемаға стереотивтік, практикалық және әдептілік көз қараста қарайды. Кейбір кездерде керітарапта, қайтпас және сенімдіМінез-күлқы иассивті ол құрылымды іс-эрекеттермен айналысқанды ұнатады: машинопис, бухгалтер, экономика.
3	A3	<b>Реалисттік тип.</b>	Қоршаған ортада физикалық және әлеуметтік мақсаттар мен міндеттерді және құндылықтарды таңдаОлар мынадай мамандыққа жиі барады: техник, инженер, электрик, аграрном, бағбан, жүргізушійды.
4	A4	<b>Интеллектуалды тип.</b>	Қоршаған орта проблемасын шешумен айналысады, адамдарға қол ұшын бере алады. Олар ғылыми тұрғыда мпмандықтарды тандайды: ботаника, астраномия, физика,математика, ҒЫЛЫМ



Он бірінші сынып бойынша

1	A1	<b>Реалисттік тип.</b>	Қоршаған ортада физикалық және әлеуметтік мақсаттар мен міндеттерді және құндылықтарды таңдау Олар мынадай мамандыққа жиі барады: техник, инженер, электрик, агроном, бағбан, жүргізуші.
2	L2	<b>Әлеуметтік тип.</b>	Қоршаған орта мен байланыс орнату үшін өз алдына мақсат міндеттер қояды. Бұл типтегілер үшін оқу және емдеу дәрігер, мұғалім, психолог, кеңесші
3	A3	<b>Артисттік тип</b>	Қоршаған ортамен қарым-қатынаста көркем бейнелерде көру үшін өз сезіммен эмоциясын интуициясы мен қиялын пайдаланады. мамандықты ұнатады: музыка, сурет, әдеби шығарма, фотография
4	A4	<b>Әлеуметтік тип.</b>	Қоршаған орта мен байланыс орнату үшін өз алдына мақсат міндеттер қояды. Бұл типтегілер үшін оқу және емдеу дәрігер, мұғалім, психолог, кеңесші
5	P5	<b>Конвенциялық тип.</b>	Қоршаған ортада қалыптасқан дәстүрлер мен әлеуметтік және физикалық құндылықтарды, мақсат-міндеттерді таңдайды. Бұл типтегілер проблемаға стереотиптік, практикалық және әдептілік көз қараста қарайды. Кейбір кездерде керітарапта, қайтпас және сенімді Мінез-құлқы иассивті ол құрылымды іс-әрекеттермен айналысқанды ұнатады: машинопис, бухгалтер, экономика.
6	A6	<b>Әлеуметтік тип.</b>	Қоршаған орта мен байланыс орнату үшін өз алдына мақсат міндеттер қояды. Бұл типтегілер үшін оқу және емдеу дәрігер, мұғалім, психолог, кеңесші

Наурыз айында 10-11сынып оқушыларына мамандық таңдауда қателеспе деген бағытпен кеңес айтылды топтық әнгімелесу арқылы оқушылардың ойларын зертедім. Нәтижесінде 10-11сынып оқушылары мамандық таңдаған жоқ. Сәуір айында 9-11 сынып ата-аналарға «Балаға қалай қолдау көрсетем?» кеңесі онлайн түрінде жіберілген. Ата-ана әр қашанда балаға қолдау көрсету керек. Емтихан барысында өзіңді қалай ұстау керек? мамыр айында жадынама таратым.

Профориентация бағыты бойынша 6,7,8сыныптарда Е.А.Климовтың қызығушылықтарын бағыттау сауалнамасын өткіздім. Нәтижесі бойынша оқушылардың мамандықтарға қызығушылығы нақты емес. Барлық ұсынылған мамандықтарды таңдаған жоқ. Берілетін кепілдеме басқа сауалнама арқылы мамандықтарға қызығушылықтарын анықтау.

Кәсіби бағдар іс-шаралар жоспары бойынша 9,11 сынып ата-аналарымен жиналысын өткіздім. Қыркүйек айында 9,11 сыныптарда оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын "Оқу мотивациясы" Карпова Г. А. сауалнама арқылы анықтадым. Мақсаты: оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтау. Танымдық Коммуникативті Эмоционалды Өзін-өзі дамыту Оқушының позициясы Жетістіктер Сыртқы (көгермелеу, жазалау) Оқушылар өздерін саналы түрде бағалайды.

9 сынып	Танымдық	Коммуникативті	Эмоционалды	Өзін-өзі дамыту	Оқушының позициясы	Жетістіктер	Сыртқы (көгермелеу, жазалау)	Барлығы
1.A1	1	2	1	2	2	2	1	11 жоғары
2.A2	3	1	1	2	1	3	1	12 жоғары
3.C3	3	3	1	2	1	1	1	12 жоғары
4.A4	1	3	1	2	1	1	2	11 жоғары

11 сынып	Танымдық	Коммуникативті	Эмоционалды	Өзін-өзі дамыту	Оқушының позициясы	Жетістіктер	Сыртқы (көгермелеу, жазалау)	Барлығы
----------	----------	----------------	-------------	-----------------	--------------------	-------------	------------------------------	---------

1.A1	3	2	1	4	3	3	1	15жоғары
2.A2	1	1	1	2	1	3	1	10орташа
3.A3	3	3	1	1	1	1	1	11жоғары
4.A4	1	3	1	2	1	1	1	10орташа
5.P5	1	3	1	1	1	2	1	10орташа
6.A6	1	1	2	1	1	1	1	8орташа

Қараша айында төғызыншы,он бірінші сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерімен оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда психологиялық көмек беру туралы жадынамалар,кеңестер берілді. Сәуір айында төғызыншы,он бірінші сынып оқушыларына емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек туралы жадынамалар таратылды. Сәуір айында төғызыншы,он бірінші сынып ата-аналарына «Балаға қалай қолдау көрсетем?» туралы кеңес бердім.

«Профиль әдістемесі» Г.В. Резапкинаның модификациясындағы А.Е.Голомштоктың «Қызығушылық картасы» арқылы 8,9,10,11сынып оқушылардың қай мамандыққа қызығушылықтарын анықтау. Қатысқан оқушылар саны-21

Мақсаты: Оқушылардың қызығушылық салаларын зерттеу.

Нәтижелерді өңдеу

Кәсіби қызметтің бағыттары	Оқушылар саны	Оқушылардың алған саны
Физика және математика	0	0
Химия және биология	2	8
Радиотехника және электроника	0	0
Механика және құрастыру	8	32
География және геология	12	36
Әдебиет және өнер	1	5
Тарих және саясат	14	42
Педагогика және медицина	10	20
Кәсіпкерлік және үй шаруашылығы	2	6
Спорт және әскери істер	8	40

Қараша желтоқсан айларында 3-9 сыныптарда оқушылардың психологиялық денсаулығын зерттеу, барысында агрессия, мазасыздық, өзін-өзі бағалау деңгейін диагностикалау.

3-4 сыныптарда проективті әдістемесі бойынша «Кактус» тесттің өткіздім.

Мақсаты:оқушылардың эмоционалды жеке саласын зерттеу.

Қатысқан оқушылар саны-11

Бұл әдістемені орындау кезінде баланың эмоционалдық және жеке саласы зерттеледі. Оның көмегімен сіз оқушының агрессияға ұшырағанын, оның қаншалықты қарқынды екенін және ол неге бағытталғанын анықтай аласыз.

Жалпы тестің нәтижесі бойынша оқушыларда қорқыныш, үрей, мазасыздық жоқ. Отбасыларында болғанын, жанұяларын жақсы көреді.

Агрессия деңгейі төмен. Өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары.

Қазан айынан бастап "Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу" бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жоспары бекітілді. Жоспар бойынша бірінші кезеңде «өмір сақшыларына» яғни мектеп ұжымына жанадан келген қызметкерлерге 3 дәріс өткізілді. Дәріс барысында слайд көрсетілді, сұрақ-жауап ретінде өткізілді. Ата-аналармен жиналыс өткіздім. Ата-аналардың рұқсаты бойынша келісім парағына қолдарын қойғыздым. Ата-аналар барлығы белсенді болды тақырып бойынша сұрақтар қойылды.

Сегізінші сыныпта 8 оқушы бар. Тоғызыншы сыныпта 4 оқушы бар. Барлығы сауалнамаға қатысты. Оныншы сыныпта 3 оқушы бар. Барлығы сауалнамаға қатысты. 11 сыныпта 6 оқушы бар. Барлығы сауалнамаға қатысты.

«Қауіпті топқа» жататын оқушылар жоқ. Қаңтар айында 8 сыныпта үш дәріс өткіздім.

II. Түзету-дамыту бағыты бойынша өткізілген жұмыс.

Қараша-желтоқсан айларында 1 сыныбында бейімделу кезеңін жеңу үшін оқушылармен түзету-дамыту жаттығулар мен ойындар жүргіздім.

Қатысқандар 1 сынып оқушылары. Қатысқан оқушылар саны-9.

Сабақтың мақсаты: Есте сақтауды дамыту. Саусақтардың іс-қимылын дамыту.

Зейінді, санауды дамыту. Ойлау мен санауды дамыту. Логикалық ойлауды дамыту.

Зейінді дамыту. Математикалық қабілеттерді дамыту "Жоғары", "төмен", "оңға",

"солға" ұғымдарын игеру. Ойлауды, математикалық әрекеттерді орындау

қабілетін дамыту.

Сәуір айында 9-10 сыныптарда «Мен өмірді таңдаймын!» кәсіби бағдар іс-шаралар жоспары бойынша жоғары сынып оқушыларына арналған тренинг өткіздім. Мақсаты: оқушылардың өмірдегі өз орнын табуға көмектесу, жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеу. Жақсы қасиеттерді бала бойына дарыту. Өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту.

Мамыр айында 11 сынып оқушыларына бос уақытынды дұрыс жоспарлауға кеңес бердім.

Бастауыш сынып оқушыларымен оқушыларды дайындау бойынша «Қабылдау, есте сақтау, зейінді тұрақтандыру» тақырыбында тренинг, ойындар өткіздім. Өткізілген жұмыстардың мақсаты: бастауыш сынып

оқушыларында есте сақтаудың дағдыларын қалыптастырып, есте сақтау қабілеттерің дамыту. «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылған ойын, «Сөздер тізбегі» ойыны, «Есте сақта және тап», «Шатаспай есте сақта», «Қиял арқылы сөздерді есте сақтау» ойыны, «Кезек» ойыны, «Шкафқа жасыру» ойыны, «Басынан баста» ойыны, «Түйме» ойыны.

Жетінші сыныпта ИСН тест өткізілді. Мақсаты: өз-өзіне қол жұмсау ниеті бар ма? Тестке тоғыз оқушы қатысты. Қатысқан оқушылар саны-9. Тест нәтижесі оқушылардың суйцид жасауға ниеттері жоқ. Өздерін орташа бағалайды. Оқуға жақсы көзқараспен қарайды. Оқу мотивация орташа. Кепілдеме оқушыларды қоғамдық іс-шараларға қатыстыру. Сынып сағаттарында біріктіретін ойындар, жұмыстар өткізу.

Желтоқсан айында 8,9,10,11 сынып оқушыларыменен ЖҚТБ туралы тренинг өткіздім. Тренингке қатысқан оқушылар саны-21.

Презентация көрсетіліп, оқушыларға сұрақтар қойылды.

8,9,10,11 сынып оқушыларына электрондық шылым туралы және электрондық шылымның зияны қандай? немесе вейпинг — электронды шылымдарды, яғни, ингаляторларды қолдану. Алғашында олар темекі шегу әдетімен күресу құралы ретінде сатылған. Уақыт өте вейпинг жастар арасындағы суб мәдениетке айналды.

Оқушыларға видеопрезентация ұсынып, сұхбат өткізіп жадынамалар тараттым.

Қаңтар айында 7 сыныптарда «Агрессияны шығару жолдары» атты жаттығу өткіздім. Жаттығудың мақсаты: агрессиядан арылу, ашуды жеңу. Қатысқан оқушылар саны-13. «Тыныштандыру ойы» техникасы Мақсаты: Агрессиядан арылу.

Наурыз айында 7 сыныпта «Қарым-қатынасты дамытайық» атты тренинг өткіздім. Тренинг мақсаты: айналасындағы адамдармен, қоршаған ортамен қарым-қатынасты дамыту. Тренинг барысы :

Мінез, көңіл күйі, адамның мақсаты, өмірлік бағыты, болмысы әртүрлі адамдарды түсіне білгенде ғана өмір қызықты да мәнді болады. Қоғамда қалыпты өмір сүруді өзгеден үйрене алмайсың, ол әрбір адамның жеке тәжірибесінен алынады. Өзгелермен қарым-қатынас барысында қайталанбас тұлға ретінде қалыптасамыз. Өмірде алуан түрлі тағдырлы, мінезді адамдар кездеседі. Олармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу – баға жетпес байлық. Осы байлыққа ие адам қоғамда өз орнын тауып, үйлесімді өмір сүре алады. Өмірді сол қалпында қабылдап қадірлей біледі. Өзімен де басқамен де жарасымды өмір сүре алатындай тұлға ретінде қалыптаса алады.

«Ойланайық, пікірлесейік»

1. Адами қарым - қатынас деген не?
2. Сөздің қарым - қатынас жасаудағы рөлі қандай?



«Жылы үй» жаттығуы. Мақсаты: бірігіп жұмыс жасауды үйрену. Достық туралы видео қарау, видеодан алған әсерлерімен бөлісу.



III. Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша  
 Үлгерімі төмен оқушылар тұлғасының танымдық сферасын зерттеуге байланысты оқушының үлгермеушілігінің алдын алу жұмыстарының жоспары бойынша қазан айынан бастап жоспар құрып, бекіттім. Жыл бойы әр түрлі жұмыстар өткіздім. Танымдық түрдегі тапсырмалар, жекелеген өзіндік жұмыстар, сыныптан тыс шығармашылық іс-шараларға қатысып отырды. Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіліп тұрды. Үлгерімі төмен оқушыларды бақыладым, сабаққа қатыстым. Кеңес бердім, жадынамалар тараттым. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың жоспары бойынша қазан айынан бастап жоспар құрып, бекіттім. Жыл бойы дарынды оқушыларға педагогикалық-психологиялық көмек көрсеттім. Дарынды оқушылар мектептік, аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орын алып отырды. Ұсыныс беріп отырдым, жадынамалар тараттым. Жұмыс үстінде әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолдандым. Оқушыларды сұхбатқа шақырып отырдым.

Жыл бойы ата-аналарға отбасындағы қарым-қатынас мәселелері бойынша кеңес бердім және кеңес дәптеріне тіркедім. Наурыз айында сегізінші мен он бірінші сынып ата-аналарына мамандық таңдауда ата-ананың рөлі өте зор екенің айтып жадынама тараттым. Сәуір айында бірінші мен он бірінші сынып ата-аналарына балалардың ғаламтор желісіндегі мінез-құлқы туралы ата-аналарға кеңес

бердім. Мамыр айында даярлық топ ата-аналарына балалардың мектепке бейімделуі туралы жадынама таратып, кеңес бердім.

7 сынып ата-аналарыменен жиналыс өткізідм. Тақырып: «Буллинг деген не?»

Жиналыстың мақсаты: мектепте буллинг және кибербуллингті болдырмау, болған жағдайда себептері және алдын алу жұмыстары туралы түсінік беру.

Буллинг — басқа адамның жанын ауырту мақсатында агрессияны қолдану.

Қорлау жәбірленушіге ауыртпалық пен қайғы әкеледі. Оның агрессив мінез-құлықтың басқа түрлерінен ерекшелігі — бірнеше рет қайталанады және жеке адамға немесе топқа бағытталады.

Бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр.

Буллинг сөзі ағылшын тілінің bully, яғни қорқыту ұғымын береді. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін. Қатысқан ата-аналар саны: 16.

Оқу жылына арналған ұжыммен жұмыс жоспары бойынша жыл бойы мұғалімдерге мұғалімдер мен оқушылар арасында кездесетін келіспеушіліктің алдын алу бойынша жадынама мен кеңес беріліп отырылды және кеңес дәптеріне тіркеп отырдым. Қаңтар айында бесінші сынып жетекшілеріне оқушылардың орта буынға бейімделуі туралы кеңес берілді және кеңес дәптеріне тіркедім. Ұжымда қолайлы психологиялық микроклиматты қалыптастыру үшін қарым-қатынасты нығайту үшін тренинг өткізідм. Тренинг мақсаты: педагогикалық ұжымның ынтымақтастығын, қарым-қатынас дағдыларын, эмоционалдық тұрақтылығын, өзара достық қарым-қатынастарын арттыру.

Қатысқан мұғалім саны: 12.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарының жоспары бойынша қараша айында бірінші және төртінші сынып ата-аналарына «Қатыгездік балалық шақ» атты видеопрезентация көрсетіліп, жадынама таратылды. Сәуір айында даярлық топпен төртінші сынып ата-аналарына және сынып жетекшілеріне балалардың бос уақытын жоспарлау туралы жадынама таратылды. Мамыр айында төғызыншы және он бірінші сынып оқушыларына емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек туралы жадынама таратылды. Мектеп жасындағы қыз балаларды жүкті болудан алдын-алу жұмыс жоспары бойынша қыркүйек айында бесінші, алтыншы, жетінші сынып оқушылар арасында, қыздарға қыз қандай болу керек? деген кеңес берілді.

Қараша айында сегізінші, төғызыншы, оныншы, он бірінші сынып оқушыларына және ата-аналарына дөңгелек үстел өткізіліп «қызға қырық үйден тыйым» атты видеопрезентация көрсетілді. Сәуір айында алтыншы, жетінші сынып оқушыларына қыздарға махаббат - мәңгі ертегі туралы әңгімелесу және кеңестер берілді. Мамыр айында оныншы, он бірінші сынып қыздарына «ару қыздар – сұлулықтың символы» туралы кеңестер беріліп, жадынама таратылды. Жыныстық қол сұғылмаушылық алдын-алу жұмыстарының жоспары бойынша Қыркүйек айында «Баланың психологиялық даму ерекшеліктері» туралы ата-аналарға жадынамалар таратылды. Қараша айында бесінші-он бірінші сынып оқушылары үшін сұраныс бойынша

жұмыс жоспарладым.. Наурыз айында сегізінші-он бірінші сыныптар арасында бозбала мен бойжеткен арасындағы қарым-қатынас туралы жадынамалар, кеңестер берілді. Мамыр айында бастауыш сынып оқушыларына бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау, жеке тұлғалық қауіпсіздік туралы видеопрезентация көрсетілді.

Оқушылар арасында суицидті болдырмаудың алдын-алу іс-шараларының жұмыс жоспары бойынша келесі жұмыстар жүргізілді.

Жыл бойы сұраныс бойынша бірінші және онбірінші сынып оқушыларыменен жекелей жұмыс жоспарланды. Қыркүйек айында бірінші және төртінші сыныптар арасында буллинг және кибербуллинг дегеніміз... туралы жадынама таратылды.

Ақпан айында 9 сынып оқушыларыменен «Мен өмірді таңдаймын» атты тренинг өткіздім. Тренинг мақсаты: Өзін-өзі тану, көңіл-күйді және эмоцияны реттеу.

Қатысқан оқушы саны-14.

Сәуір айында жалпы ата-аналар жиналысында «Біздің балаларымыз баға жетпес байлығымыз» атты тренинг өткіздім.

Тренинг мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы – отбасы.

Ата - аналардың қарым - қатынасын жақсарту. Мектеп пен ата-ана байланысын, отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Ата - анамен оқушы арасындағы қарым - қатынасты нығайту.



Төртінші және тоғызыншы сынып оқушыларыменен ББЖМ психологиялық дайындық жұмыстарының жылдық жұмыс жоспары бойынша оқушыларды дайындау .

Мақсаты: «Қабылдау, есте сақтау, зейінді тұрақтандыру әдістері» бойынша, ББЖМ-ға дайындау.

ББЖМ-ға дайындау кезінде балаға ыңғайлы жағдай жасауға байланысты ата-аналарға кеңестер бердім, жадынамалар тараттым.

Қыркүйек айында төртінші және тоғызыншы сынып ата-аналарымен ақпараттық ББЖМ таңыстыру жиналысын өткіздім. Қатысқан ата-аналар саны-9.

IV. Консультация беру жұмысы бойынша келесі жұмыстар жүргізілді.

Қазан айында 5 сынып пән мұғалімдеріне кеңес беріп жадынама таратылды.

Нәтижесінде пән мұғалімдері кеңестерді тындап, өз ара сұхбаттасып, өз ойларымен бөлісіп, бір нәтижеге келді.



1. Мұғалім шәкірттерін шын жүрекпен сүйе білуі керек және оқушылардың әдептілігін, әділеттілігін, ақыл парасаттылығын, жан-жақтылығын, ұстамдылығын, сезімталдығын бағалау қажет.

2. Баланың мінез-құлқын қалыптастыруда мадақтау тәсілдерін қолданған тиімді.

Келесі 2022-2023 оқу жылына психологиялық қызметтің қойылатын ұсынысы:

1. 1, 5, 10 сынып оқушыларына бейімделу кезеңінде көмек көрсету
2. Мектепдаярлық тобының оқушыларына психологиялық көмек көрсету.
3. Жоғары сыныпта оқитын оқушыларға көмек көрсету.
4. Ата-аналармен сұраныс бойынша кеңес, консультация жүргізу
5. Оқушылардың әлеуметтік көзқарастарың дамыту.
6. Жүйкесі әлсіз оқушыларды диагностика арқылы анықтау.

Педагог-психолог Шокубасова А.М.

